

БЕКІТЕМІН:



2024 ж

«ALT VEGA» ҚАЗАҚША ТЕАТР КЛУБЫНЫҢ ЕРЕЖЕСІ

1. Жалпы ережелер

Студенттердің театр клубы - бұл «ALT Университеті» жарғысы мен студенттердің, магистранттардың, докторанттардың еркін қатысуы негізінде құрылған тұрақты және жеке мүшелікпен өзінің шығармашылық әлеуетін дамытқысы келетін жастар бірлестігі.

Студенттік клуб өз қызметінде университет жарғысын, студенттердің ар-намыс Кодексін басшылыққа алады.

2. Мақсаты

- 2.1** Университеттегі студенттер мен жастар театрының жан-жақты дамуы;
- 2.2** Университеттегі студенттердің мәдениеттілігін арттыру;
- 2.3** Студент жастардың патриоттық рухын көтеруде септігін тигізу;
- 2.4** Студент жастардың бүкіл қоғам мұддесі үшін өздерінің жеке қабілеттері мен зияткерлік әлеуетін іске асыру мақсатында жағдай жасауға ықпал ету;
- 2.5** Қатысушылардың актерлік шеберлігін, көпшілік алдында сөйлеу дағдыларын дамыту.

3. Негізгі міндеттері мен функциялары

- 3.1** Студенттерді театр саласында еңбегі сіңген, өз тәжірибесімен бөлісе алатын актёрлармен кездестіру;
- 3.2** Оқу жылы бойында әртүрлі қысқа пьесалардан бастап қойып, өзін тетаралды клуб ретінде көрсету;
- 3.3** Қойылымда әр адамға қажетті қабілеттерді арттыруға арналған жаттығулар жасау;
- 3.4** Студенттек клуб мүшелерінің университет аралық, аудандық, қалалық және респубикалық түрлі деңгейдегі жобаларға қатысу;
- 3.5** Студенттік клубтың жылдық жоспарын жасап, оның орындалуын қамтамасыз ету;
- 3.6** Қойылым қоюды талап ететін барлық іс-шараларға белсененді қатысу;
- 3.7** Университет қабырғасында және студенттік үйлерде жастарға арналған дөңгелек үстелдер, кездесулер мен іс-шаралар үйымдастыру.
- 3.8** Студенттік театр клубы өз мүшелерінің еріктілігі мен теңдігі, демократия жариялылық, басқаруды орталықтандыру қағидаттарына сәйкес әрекет етеді;

- 3.9** Студенттік клубтың төрағасы жыл бойындағы танытқан белсенділігі мен қатысуышылар арасындағы көшбасшылық қабілеттеріне қарай тандалады;
- 3.10** Университеттің студенттік театр клубы өз қызметін университет қабырғасында, қалалық, республикалық және халықаралық деңгейлерде көрсете алады;
- 3.11** Университеттің театр клубы жұмыс барысын университет басшылығы мен студенттік үкіметпен үйлестіреді.

4. Құқықтары

- 4.1** Студенттік тетар клубы мүшелері студенттік клуб басшылығына тағайындалуға құқылы;
- 4.2** Студенттік театр клубының қызметіне қатысты барлық ақпаратты білуге құқылы;
- 4.3** Студенттік клуб мүшелері дайындық барысында қажетті құралдарды, реквизиттерді қолдана алады;
- 4.4** Университетте өтетін іс-шараларға дайындық кезі мен өтетін уақытта сабактан босатуды сұрауға құқылы;
- 4.5** Дайындықтар өтуі үшін қажетті аудиторияларды пайдалана алады.

5. Жауапкершілігі

- 5.1** Студенттік клуб мүшелері осы ережені толық сақтауға жауапты;
- 5.2** Алдағы уақытқа қойылған жоспарлардың уақытылы орындалуына жауапты;
- 5.3** Еңбек тәртібін бұзғаны үшін сақтауға қабылданған немесе өндірістік мақсаттарда пайдаланылатын мүліктің сақталуы;
- 5.4** Студенттік клуб ережесінде қабылданған барлық бағытты сақтауға жауапты.

Құрастырған:

Е.М.Амантай

Тәрбие және әлеуметтік жұмыс
Департаментінің бас маманы

Келісілді:

А.А.Иванов

Корпоративтік және әлеуметтік
даму проректоры

Келісілді:

А.С.Турлыбекова

Тәрбие және әлеуметтік жұмыс
Департаментінің директоры